

ТІЛ БІЛІМІ

УДК 81'366

Хасен Бота аға оқытушы,
Сулейман Демирел атындағы университет
Қаскелең/Қазақстан

Конверсиялық сөзжасам тәсілінің қазақ және моңғол тілдеріндегі көрінісі**Андатпа**

Мақалада сөздің ешқандай тұлғалық өзгеріске түспей-ақ, мағыналық даму нәтижесінде екіншілік мағына беруін қамтамасыз ететін сөзжасамның конверсиялық тәсілі қарастырылған. Бұл тәсілге байланысты жарық көрген ғылыми еңбектерге шолу жасалып, транспозициялық тәсіл, трансформациялық тәсіл, конверсиялық тәсіл деген әртүрлі терминдердің қолданылуын, бірізділіктің жоқтығын ескерткен. Н.Оралбаева, А.Салқынбай, С.Исаев, А.Ысқақов сынды ғалымдардың пікірлері талданып, конверсиялық тәсілде сөздер тұлғалық өзгеріске түспей, әр түрлі мағына бергенімен, олардың арасындағы семантикалық байланыс сақталатындығын тілге тиек еткен. Қазақ және моңғол тілдеріндегі субстантивтену салыстыра сараланған. Конверсияның көне тәсіл екендігі ескертіліп, екі тілдің арасындағы генетикалық байланыс нақты мысалдармен дәлелденген. Тілдік тұлғаларды тереңірек үңіле зерттеу нәтижесінде синкретизм деп жүрген тұлғалардың конверсияланған туынды сөздер екендігін дәлелдеуге болатындығы айтылған.

Кілт сөздер: семантикалық тәсіл, транспозициялық тәсіл, конверсия, этимон түбір, синкретизм, омоним, сөзжасам.

Сөздің тұлғалық жағынан өзгеріске түспей-ақ түбірдің немесе негіздің жаңа мағына бере алуға қабілеттілігі түркі тілдеріне тән құбылыс. Түбірлердің мұндай мағыналық дамуы конверсиялық жолмен туынды сөз жасауға себепші болады. Семантикалық тәсіл тілімізде күні-бүгінге дейін лексико-семантикалық тәсіл деген термин арқылы танылып жүр. Лексико-семантикалық тәсілге Қ.Есенов мынадай анықтама береді: «...белгілі бір сөздердің жаңа мағынаға ие болуы көп мәнді, ең бастысы омонимдік қатарда келуі арқылы жасалады» [1]. Кейде бұл тәсіл трансформациямен де байланыстырылып жүр. Яғни кейбір сөздердің о бастағы мәнін жоғалту не әлсірету барысында басқа бір сөз табының қатарына енуі.

Қазақ тіл білімінде сөзжасамның семантикалық тәсілін сөздердің омонимдік қатарына теліп, синкретизммен ұштастыру терең белең алып келеді. Академиялық сөзжасам оқулығында небәрі екі беттік материал беріліп, бұл тәсіл кең, жан-жақты қарастырылмаған. Және бұл еңбекте лексико-семантикалық тәсіл деген термин қолданылған. Бұл тәсілге байланысты соңғы кезде жарық көрген ғылыми еңбектерде транспозициялық

тәсіл, трансформациялық тәсіл, конверсиялық тәсіл деген әртүрлі терминдер жарық көріп, ала-құлалық белең ала бастады. Дегенмен де қазақ тілінде ең жиі қолданылып жүрген термин – конверсия. «Конверсия» (conversion) – ағылшын тілінен алынған термин. Конверсияны орыс ғалымдарынан Е.А.Курилович, Е.А.Раевская, А.И.Смирницкий, В.Н.Ярцева, А.Н.Антыев, Ю.Д.Апресян, В.Г.Гак, С.М.Костенко, А.А.Уфимцева, В.Н.Телия, Е.С.Кубрякова, Э.Н.Шмелев, Н.Б.Гвичали, М.Д.Степанова, И.П.Иванов, В.Д.Аракин, И.П.Лопатин, Э.М.Рящималар қарастырды. Бұл ғалымдардың пікірінде де бірізділіктің жоқтығы айтылып жүр. Қазақ ғалымдарынан конверсияны өз зерттеуінің нысанасы етіп алып, жан-жақты қарастырған Ж.Т.Сарбалаев болды. Бұл мәселе төңірегінде «Қазақ тіліндегі конверсия мен адъективация» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясында баяндалады [2].

Ал А.Салқынбай конверсия деп сөздің ешқандай тұлғалық өзгеріске түспей-ақ мағыналық даму нәтижесінде екіншілік мағына беруін атайды [3;181]. Кез-келген сөздің тууы жаңа бейнені, ұғымды атау қажеттілігінен туындайды. Конверсиядан басқа сөзжасамдық тәсілдер жаңа сөз тудырғанда сөздің туындаған жаңа мағынасымен бірге сөздің тұлғасы да өзгеріп, дыбыстық жамылғышы ауысады, жаңарады. Ал конверсиялық әдісте дыбыстық жамылғыш өзгеріссіз қалатындықтан екінші мағынаның тууы мен негізделуін көрсету ауырға соғады. Конверсия тәсілін ғалымдар ең көне тәсілге жатқызады. А.Салқынбай конверсиялық немесе семантикалық тәсілдің көне тәсіл деп бағалануын төмендегідей түсіндіреді:

«Суффикстік тәсіл дамығанға дейін, сөз мағынасының дамуы арқылы:

- көптеген жаңа сөздер жасалды;
- сөз мағыналарының іштей сараланып дамуы сөз таптарына бөліну тенденциясын тездетті;
- әуелгі этимон түбірлердің макросемалары микросемаларға даму арқылы көпмағыналық пайда болды» [3;164].

Конверсиялық тәсілде сөздер тұлғалық өзгеріске түспей, әр түрлі мағына бергенімен, олардың арасындағы семантикалық байланыс сақталады. Мұндай семантикалық байланыстың барлығының сақталуы тұлғалануы ортақ сөзжасамдық жұптарды омонимдес тұлғалар ретінде қарастырған ғалымдардың көзқарасын терістейді, синкретті түбірлер терминінің бұл тұстағы жаңсақтығы танытады.

«Түбір синкретизмін» мойындаған қазақ ғалымдарының өзі түбірлер арасындағы мағыналық байланысты жоққа шығармайды. М.Томановтың: «Алайда есім мен етістік негіздердің синкретизмі туралы айтқанда, олардың арасындағы мағыналық байланысты ұмытуға болмайды», – деуі оған дәлел [4; 107].

С.Исаев конверсиялы тәсіл туралы былай дейді: «Конверсиялық тәсілдің ерекшелігі сол, ол сөздердің сөйлеу процесінде, жаңа сөздермен байланысын, тіркесе жұмсалуында жаңа мағыналарға, семантикалық өзгеріске түсуінде. Сондықтан оған субстантивтену (заттану), адъективтену (сындық сипатқа айналу), адвербиалдану (үстеуге айналу), прономиналдану

(есім сөзге айналу), вербалдану (етістікке айналу) процестері де жатады. Конверсиялық тәсіл арқылы тек негізгі түбірден ғана емес, жаңа мағына туынды түбірден де, тіпті грамматикалық тұлғада тұрған сөздерден де жасалады. Кейбір тұйық етістік тұлғалы қимылдардың сол қимылды іске асыру қаруы болып, жаңа сөзге айналуы, мысалы, *егеу* (темірді арнайы құрал арқылы осы қимылмен қайрау, тегістеу) және *егеу* (егейтін құрал), *тұсау* (аттың алдыңғы аяғын байлау) және *тұсау* (тұсайтын құрал, арқан жіптен, қайыстан жасалады), *сайлау* (бір нәрсеге, мысалы, депутаттыққа, төрағалыққа, т.б. ұсынып, дауыс беру) және *сайлау* (ұсынып, дауыс беру ұғымының нақты атауы) т.б. ...» [5;281-282].

Қазақ тілі білімінде конверсия құбылысы тікелей болмаса да ең алғаш рет С.Аманжоловтың еңбегінде сөз болды: «Сөйлем мүшесі боларда сөз таптары әуелгі қалпын сақтай алмай, тікелей ауысып отыратынын да білеміз. Зат есім бірде зат, бірде сын есім болатыны анық қой. Мысалы: «*Темір*» – зат, «*темір* жүрек» – сын есім орнында, – дейді автор [6]. А.Ысқақов та өзінің 1950 жылы «Халық мұғалімі» журналында жариялаған «Қазақ тіліндегі сөздерді таптастыру туралы» атты мақаласында бір сөз табына тән сөздердің контексте уақытша екінші сөз табына ауысуы туралы айтады. «Тіл – тілдің қайсысында болса да, белгілі бір сөйлемде қолданылуына қарай, белгілі контексте уақытша субстантивтеніп те (зат есім қызметін атқарып та), адъективтеніп те (сын есімге айналып та), адвербиалданып та (үстеудің қызметін атқарып та) жұмсала беретіні – заңды нәрсе» – дейді ол. Бұл тұжырымдардан грамматикалық тұрғыдан, яғни сөздің синтаксистік қызметінің өзгеруі тұрғысынан түсінетіні көрінеді.

Ал кейінгі қазақ тіл білімінде сөзжасамның жеке сала ретінде бөліне бастауына байланысты бір сөздің ешбір жұрнақсыз сөз табына меншіктілігін ауыстыруы құбылысын сөзжасамдық тұрғыдан қарау басым бағыт алды. 1989 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты ұжымдық еңбекте сөз болып отырған құбылыс сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі ретінде қаралады. Зерттеудің сөзжасам тәсілдеріне арналған бөлімінде: «Сөзжасамның аффиксті және сөзтудырым тәсілдерінен басқа да жолдары бар. Ол сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілдері. Мұндай жол белгілі бір сөздердің жаңа мағынаға ие болуы, көп мәнді, ең бастысы омонимдік қатарға келуі арқылы жасалады. Сондай-ақ осы жол кейбір сөздердің о бастағы мәнін жоғалту не болмаса әлсірету барысында басқа бір сөз табының қатарынан танылуға жол береді. Тіл білімінде мұндай құбылыс *прономинализация* (сөздердің бір сөз табынан екіншісіне айналуы) деп аталып жүр» – делінеді [7;99-100]. Бұл жерде ең алдымен аталып көрсетілуге тиіс маңызды тұс бар, аталған еңбекте де, бұрын-соңды жарық көрген зерттеулерде де сөзжасам сөз таптарымен байланысты сөз болып, ал нәтижесінде сөздердің бір сөз табынан екінші сөз табына ауысуына әкелетін бұл процестің лексикалық сипаты ескеріле бермейді. «Қазақ тілінің сөзжасамы жеке сала болғанымен, сөзжасамдық құбылыс әр сөз табымен байланысты, өйткені сөзжасамдық элементтер барлық сөз табына ортақ болмай, жеке сөз табына қатысты. Сөзжасамдық элементтер белгілі сөз

таптарының мағынасын береді, сондықтан олар сол сөз табына қатысты ғана сөз жасайды», – дейді Н.Оралбаева [7;64]. Алайда сөзжасам процесінің алдымен лексикалық құбылыс екенін естен шығаруға болмайды, яғни сөзжасам процесі нәтижесінде алдымен, мейлі, ол синтетикалық тәсіл арқылы, мейлі аналитикалық тәсіл арқылы, не болмаса лексика-семантикалық тәсіл арқылы жүзеге асын, жаңа лексикалық мағыналы сөз пайда болады. Ал ол сөздің қай сөз табына жататындығы сол сөздің жаңа пайда болған лексикалық мағынасының жалпылануы арқылы, демек, лексикалық мағынасы негізінде анықталатын жалпы грамматикалық мағынасына қарай екінші кезекте белгілі болады. Жаңа пайда болған сөздің кейде сол бұрынғы сөз табы болып қала беруі де, кейде басқа сөз табына ауысуы да сондықтан. Мысалы, синтетикалық тәсіл арқылы жасалған *малшы* сөзі алдымен жаңа лексикалық мағынаға ие болады, ал оның сол бұрынғы зат есім шеңберінде қала беретіндігі сол лексикалық мағынасының жалпылануы арқылы екінші кезекте анықталады. Сол сияқты осы тәсілмен жасалған *өткір* сөзі де алдымен жаңа лексикалық мағынаға ие болып, туынды *өткір* сөзінің түбір *өт* (етістік) сөзінен басқа сөз табының меншігі екендігі екінші кезекте ғана белгілі болады. Сондықтан С.Исаев: «Ең алдымен, сөзжасам – сөз таптарын жасау емес, сөзжасамның басты белгісі жаңа мағыналы сөз тудыру», «Сөзжасам белгілі тәсілдер арқылы жаңа лексикалық туындылар (сөздер) жасайтын тілдік процесс», – дейді [5;250]. Демек, біз айтып отырған, сөздердің ешбір жұрнақсыз бір сөз табынан екінші сөз табы қарамағына ауысу құбылысы – жеке тілдік құбылыс ретінде конверсияны да зерттеу барысында оның лексикалық сипатын естен шығаруға болмайды. Алайда, бұл тұжырым конверсиялық құбылысты жеке тілдік құбылыс ретінде зерттеудің қажеттілігі жоқ деген сөз емес.

Қазақ тіл білімінде осылайша сөзжасам аясында, оның бір тәсілі ретінде қаралатын конверсия құбылысының сөзжасамдық қасиетімен *функционалдық-грамматикалық* сипатын да жоққа шығара алмаймыз. Орыс тіл білімінде, бірқатар түркі тіл білімдерінде сөздің бір сөз табынан екінші сөз табына ауысуының жеке тілдік құбылыс ретінде зерттеліп, таныла бастауы тегіннен-тегін емес. Аталып отырған құбылысты арнаулы зерттеу нысаны еткен ғалымдар конверсия құбылысының деривациялық та, функционалдық-грамматикалық та сипаты барлығын ескере отырып, оны жеке тілдік құбылыс ретінде зерттеудің қазақтіл біліміндегі сөз таптастыру проблемасына да бірқатар айқындық енгізері сөзсіз.

Конверсия – көне тәсіл саналғанымен, зерттеуі әлі қанбаған мәселе. Сөзжасамдық тәсілдердің тілдің тарихи дамуының басты бастауы екені дау туғызбайды. Әрі оның қалыптасқан қалыбы мен жүйесі бар. Аталмыш сөзжасам тәсілі монғол тілінде де кезігеді. Бұл тәсілді монғол тіл білімі оқулықтарында «*өөр үгсийн аймагийг жинхэнэ нэрд шилжүүлсэн хэрэглэх нь*» деп атапты. Сөзбе-сөз аударсақ, «басқа сөз таптарын зат есімге ауыстырып қолдану». Сөзжасамның бұл тәсілі арқылы зат есім жасауды лингвистикада *субстантивтену* деп те атайды. Бүгінгі таңдағы монғол тілінде конверсиялық тәсілмен зат есім жасау көп кезігеді. Басқа сөз

таптарындағы сөздер субстантивтене отырып, зат есімше түрленіп қолданылады.

Мысалы: *Сайныг авч, мууг нь улдээлээ* (Жақсыны алып, жаманды тастау) деген сөйлемдегі *сайн* (жақсы), *муу* (жаман) деген сын есімдер зат есім орнында жұмсалған.

Сол сияқты монғол тілінде мынадай мақал бар:

*Сайныг даагвал сарны гэрэл,
Мууыг даагвал могойн хоор.
(Жақсыға ерсең, ай сәулесі,
Жаманға ерсең, жыланнның уы).*

Бұл жердегі *сайн*, *муу* сөздері де субстантивтенген. *Жақсы*, *жаман* сөзінің субстантивтенуі екі тілде де ерте жүзеге асқанға ұқсайды. Осы тектес сөз саптаулары қазақ тілінде де көптеп ұшырасады. Мысалы:

*Жақсыдан үйрен,
Жаманнан жирен.
Жаманнан туған жақсы бар,
Адам айтса нанғысыз,
Жақсыдан туған жаман бар,
Күндердің күні болғанда
Бір аяқ асқа алғысыз [7;44].*

Монғол тіліндегі субстантивтеніп қолданылған «*жақсы*» сөзінің баламасы «*сайн*», «*сайхан*» қазақ даласында да кезігеді.

«*Сауыр-Сайқан*» тау жоталарының аты болса, «*сайын дала*» тіркесін көркем әдебиеттен кездестіреміз.

Тарихи сөзжасам мәселесін қарастырып жүрген кейбір ғалымдарымыз (А.Салқынбай, Ж.Сарбалаев) синкретті деп жүрген кейбір түбірлердің арасындағы үзілмес семантикалық байланысты ашып көрсетуге тырысады. Тіл белгілі бір жүйемен дамитын процесс болғандықтан, ондағы құбылыстарды кездейсоқтыққа аудара салуға болмайды. Екі түрлі зат, екі түрлі дүние, екі басқа нәрсе бір атаумен берілсе, олардың арасында белгілі бір мағыналық жақындықтың болғаны. Таза омонимдер көбінде кірме сөздердің нәтижесінде болуы мүмкін. Немесе уақыт тозының қалыңдауы сөздің сыртқы жамылғышына нұқсан келтіріп барып, омоним жасалуы мүмкін. Ол үшін омоним я синкретті түбір деп танып жүрген сөздерді қайта саралап, ой елегінен өткізіп, тарихи лингвистиканың таразысына салу керек.

Монғол тіліндегі «*түргэн түүхий, удаан даамай*» (шапшаңы шала келер, баяуы байыпты келер) мәтелде сын есім субстантивтеніп, зат есімнің орнына жұмсалып тұр.

Қазақ тілінде «*малды теппе, ақты төкпе*» немесе «*Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын*» деген тіркестер бар. «*Ақ*» сөзі қазақ тілінде екі түрлі: бірі – сын есім (*ақ қағаз, ақ шағала*), бірі – етістік (*жас ақ-ты, су ақ-ты*). Монғол тілінде «*ақ*» сын есімі «*цагаан*» деген сөз. Ал қазақ тіліндегі «*ақ*» етістігі монғол тілінде «*урса*». Қазақ тілінде де, монғол тілінде де «*ақ*» (*цагаан, урса*) сөзінен синтетикалық тәсіл арқылы жасалған сөздер санаулы ғана. «*Ақ*» (*цагаан, урса*) сөзінің аналитикалық тәсіл арқылы сөз тудыруы екі тілде де өнімді.

Мысалы:

цагаан мөөг – қозықұйрық,
цагаан хэрээ – ақ қарға,
цагаан ураг – ақ уыз,
цагаан цэгээн – аппақ т.б.

Монғол тілінде аналитикалық тәсіл арқылы заттанса, қазақ тілінде конверсиялық тәсілмен жасалған. Мысалы:

цагаан идээ – сүт тағамдары,
цагаан архи – ішімдік,
цагаан сар – наурыз, жыл басы.

Және де екі тілде де синтетикалық тәсіл арқылы субстантивтенген түрі кездеседі. Мысалы: тарихи сөздердің бірі «*цагаантан*» – ақтар, ақ гвардиялықтар дегенді білдіреді [8;673].

Монғол тіліндегі *цагаан* (ақ) сөзі мына тіркесте монғол тілінде конверсияланған: *гурван цагаан* – үш ақ: жас кезінде тіс – *ақ*, қартайғанда шаш – *ақ*, қайтыс болса сүйек – ақ. Ал «*урсах*» (ақ) етістігінен тек «*урсгал*» (ағыс) сөзі ғана жасалған.

«*Ақ*» етістігі сұйық заттың қимыл-әрекетпен бір жерден екінші бір жерге қарай жылжуы дегенді білдіреді. Ол сұйық заттың бірі – су. Монғол тілінде су «*ус*» деп аталады. Бәлкім, «*урсах*» етістігі «*ус*» (су) сөзіне «*-а*» жұрнағының жалғануынан жасалған болып шықса керек. Жалпы, сұйық затқа қатысты сөздердің барлығында «*с*» дыбысының айтылуы ғажап. Мысалы: су (*ус*), жас (*нилимс*), сүт (*сүү*), сілекей (*шүлс*), сөл (*сөлл*), сор (*сын есім цор*), сел (*цал*), сау (*саа*), сүзу (*шүү*), цус (*монг. қан*), мөс (*монг. мұз*), т.б. «*Ақ*» сөзі мен «*су*» сөзінің концептісін ғалымдарымыз зерттеуде. Қазақ тіліндегі сүт-айран мғынасында қолданылатын «*ақ*» зат есімінің заттануы «*ақ*» етістігіне карағанда «*ақ*» сын есімінен жасалған сияқты.

Қазақ тілінде «*ашық*» сөзіне антоним болатын «*жабық*» сөзі бар. Осы «*жабық*» сөзінің субстантивтенген екінші мағынасы – киіз үйдің маңдайшасындағы уықпен қосылған жердегі негіз, екі үзік пен екі туылдырықтың айқасқан жері. Монғол тілінде оны «*заваг*» дейді. Әрі мынадай мақал да бар: *Залхуу хун завагтаа хүрэхгүй* (Жалқаудың қолы жабыққа жетпес). «Еріншектің ертеңі бітпес» деген мәтелмен мағыналас бұл тіркестің құрамындағы «*заваг*» сөзі біздің тіліміздегідей «*жабулы*» деген мағынада қолданылмайды. Мысалы, «*жабық қақпаны*» «*хаалттай халга*» дейді. Сондай-ақ қазақ тілінде «*жабу*» сөзі бар. «*Жабу*» сөзі «*жап*» етістігінің атауын көрсетумен бірге жас төлдерге, малдарға тоңып қалмас үшін жауып қоятын заттың атауы ретінде де қолданылады. Күнділікті тілімізде «Қара сиырдың жабуын ал» деген сияқты фразаны қолданып жатамыз. Қазақ тілінде осы сөзбен өзек семасы бір мынадай сөздер тобы бар:

жа-ну
жа-лын
жа-рық
жа-нар
жа-рқыл

жса-лтыр

жсы-лтыр

жса -й (найзағай).

«Жану» сөзі әр нәрсені екінші бір нәрсеге үйкеу, жану деген сөзден конверсияланған, етістіктің жаңа түрі жасалған. Екі шақпақ тасты бір-біріне үйкегенде, жанығанда от шығады да, жану процесі басталады. Арасына от салу, бір-біріне егестіру сияқты тұрақты тіркестер де екі тастың үйкелісіне ұқсатудан туған сияқты. «Жану» монғолшада «*шатах*» деп аударылады. Қазақ тіліндегі «*шатақ шығу*», «*шатақ адам*» деген сөздер де осы «*шатах*» сөзімен тікелей байланысты болуы әбден мүмкін. Сол сияқты «*жалын*» сөзіне ұқсатудан «*жалау*» туған. Жалауды біз бір нәрсені жалау және қызыл жалау (ту) деген екі мағынада омоним деп қолданып жүрміз. Шындығында бұл екі сөз де «*жалын*» сөзіне ұқсатудан туған сияқты. *Жалын* жалау тәрізді желпілдейді, әрі бейне бір жаланған адамдай төмен-жоғары жалпылдайды. «*Ту*» мағынасына жуық «*жалау*» сөзі дербес зат ретінде сақталып, өз мағынасына ғана ие бола тұрса, «*жалау*» (тіл мүшесі атқаратын құбылыс) тағы басқа сөздермен негіздес сияқты. *Жалақ* (ерінін жалай беретін адам), *жалақтау* (иттің тілін жалаңдатып, тіміскіленуін көз алдыңызға әкеледі), *жалаңдау*, *жалақ қағу*, *жалмаңдау*, *жалмаң қағу*, *жалмауыздану*, *жалбырау*, *жалаңаш*, *жалаңаштану*, *жалбыршақ*, *жалбаңдау*, *жалбырақтау*, *жалбадақтау*.

Ал «*жарқ*» (*жарық*) сөзі *жарқыл*, *жарқылдақ*, *жарқылдату*, *жарқылдау*, *жарқын*, *жарқырату*, *жарқырауық* сияқты сөздердің жасалуына ұйытқы болған. «*Жарық*» сөзінің монғолша аудармасы «*гяль*». «*Гяль*» сөзі де «*от*» мағынасында қолданылады. Олай болса, «*гал*», «*жал*» сөздерін бір сөздің фонетикалық варианттары деп қарауға болады. Қазақ тілінде *әйелі*, *ері* деген мағынаны білдіретін «*жар*» сөзі бар. «*Жар*» сөзі монғолшада «*гэргий*» (гэр үй, гэргий үйіндегі мағынасында). «*Жар*» сөзі кейбір диалектілерімізде «*үй*» мағынасында да қолданылады, осыдан келіп, *гэр – жар (үй)* шығады. Яғни бұл жерден байқайтынымыз – қазақ-монғол тілдерінде ж ~ г сәйкестігі бар.

«*Жай*» сөзі «*найзағай*» ретінде қолданылады. Сондай-ақ «*жай*» сөзі «*садақ*» мағынасында жаңа атауға ие болып, екінші заттың атауын берген.

Тілімізде жаман «*ат*» мағынасында қолданылатын «*жабы*» сөзі бар. Бұл сөзбен түбірлес деуге болатын тілімізде мынадай сөздерді монғолша аудармаларымен қатар алып көрелік:

Жабы

Жабығу – гуних, гутах

Жабығыңқы – гулисан, гутсан

Жабықтыру – гутруулах

Жабырқану – гуних, гутрах

Жабырқау – гухих, гутрих

Жапа шегу – зоеох, зудрэх (зобалаң, жүдеу)

Жапа-жалғыз – гав ганц

Жапан түз – эзгуй тал

Жапақтау – гөлийх

Жабысу – гуйх, наалдах
Жабыстыру – наалдуулах
Жамау – нөхөөс
Жаман – муу
Жамандау – муулах
Жамандагыш – мууламхай
Жамандық – муу явдал.

«Жаман» сөзінің монғолша баламасы «муу» сөзі қазақ тілінде жеке қолданылмайды. Дегенмен де төмендегі сөздерді «муу» сөзімен түбірлес деуге болатын сияқты:

Мұң – мун (көне түркі тілінде – буң)
Мұңлы – мунгишуу
Мұңсыз – мунгинагуй
Мұңаю – мунгинах
Мұңайту – мунгинуулах
Мұқалу – элэгдэх
Мұқтаж – гачаал
Мүжілу – мэлжигдэх
Мүжу – мөлжих

«Муу» сөзі жалпы мағынасы жағынан «жаман» сын есімін берсе, «мун» сөзі көңіл-күйдің жамандығын көрсетеді.

Академик Ә.Қайдаровтың «Структура односложных корней и основ в казахском языке» атты еңбегінде «қом» түбірдің синкретті түбір ретінде берген (9; 246). Синкретизмді біз тарихи омонимдер деп танып жүрміз. Біздіңше, «қом» түбірінен тараған сөздерде омонимдік сипаттан гөрі семантикалық жақындық басым. Ойымыз тиянақты болу үшін ол сөздерді монғолша аудармасымен бірге салыстырып көрелік. Түйенің арқасынан шошайып ерекше артық шығып тұратын бөлігі немесе артылған жүкті «қом» дейді. «Қом» сөзі «қомдасу», «қомдату», «қомдау» етістіктеріне ұйытқы болады.

Қом – хом.

Белгілі мөлшерден артық ішіп-жеуді «қомағайлану» дейді. Бұл мағынадан етістік те, зат есім де, сын есім де жасалады.

Қомағай – хомхой;
Қомағайлану – хомхойрох;
Қомағайлық – хомхойрхох.

Көлемнің, мөлшердің артықтығын, көптігін білдіретін сөздер де «қом» сөзінен жасалады.

Қомақты – олан;
Қомақталу – олон болох;
Қомдану – хомлох.

Бір нәрсенің көлемінен артық өсуін, дүрдиюін білдіретін «қомпаю» етістігі бар.

Қомпайту – цорвойлгох;
Қомпайысу – цорвойлцох;
Қомпаю – цорвойх;
Қомпию – цорвойх.

«Қомпаю» сөзіне мағынасы жағынан жуық «қабару» сөзі бар. *Қабыну (хавагнах), қабыныс (хавас, хавдар)* сөздерінің түбірі «қаб» – «қабару» сөзіне

де өзек сема болады. Түбірлердің синкреттілігін жан-жақты қарастыра отырып, академик Ә.Қайдаров монғол және түркі тілдеріне ортақ түбір морфемалардың бар екенін, олардың бірнеше фонетикалық вариант түзетінін айтады. Оны ғалым еңбегінің төмендегі үзіндісінен көреміз: «...общая тюрко-монгольская корневая морфема в каждом конкретном языке может иметь не один а несколько фонетических вариантов, помимо первичных номинативных значений ряд вторичных, переносных значений, что хорошо видно из следующих схематических сопоставлений.

В монгольском литературном языке:

Ураглах – породниться

Ургаа – растущий

Ургаиш – способный расти, произрастать

Ургамал – растение, растительность

Ургах – урожай, урожайность

Ургацтай – плодородный, урожайный

Ургууштай – способный расти, произрастать

Уриан – призыв, зов (клич племен)

Уураг – молозиво, белок

Уурхай – источник, начало

Үр – плод, семя, зерно, дитя, ребенок

Үргун – бесплодный

Үржил – размножение, рост, плодородие, плодовитость

Үржилтэй – имеющий приплод, тодородный

Үржих – множиться, плодиться

Үрлэг – сеять, всходить (о хлебах)

Үрслуур – рассадник, питомник

Үртэй – потомство, имеющий детей и др.

В современном казахском языке:

Ұр – ұр – өр.

Ұрық – семя, семена

Ұран – родовой клич, перен. Призыв, лозунг

Ұрпақ – потомство, наследник

Ұрғашы – самка, перен. Женица

Үрім-бұтақ – потомство, родня

Өрен – подрастающее поколение

Өркен – перен. Потомство

Өрбу – произрастать, размножаться и др[9; 85-86].

Диахрондық және синхрондық тұрғыдан қарағанда, қазақ және монғол тілдеріндегі түбір морфемалар тұлғасы және қызметі жағынан өте жақын. Сол сияқты сөздердің конверсиялануындағы ерекшелік те туыстықты байқатады. Сын есім мен зат есімнің, етістік пен зат есімнің тұлғалас болып келуі монғол тілінде де жиі кезігеді.

Екі тілдегі конверсиялы тәсілмен сөзжасауды тереңдете зерттеу арқылы көптеген сөздердің этимологиясын айқындауға болады, әрі өлі түбірлерді ажыратуға мүмкіндік жасалынады. Бұларды ары қарай талдап, тереңдете зерттеу, басқа да туыстас тілдермен салыстырып, тілдің даму қатпарын ашып көрсету – болашақтың ісі. Сөз семантикасына үңілгенде, семантикалық сөзжасам тәсілінің көнелігі айқын көрінеді. Макросемалар тұлғасын сақтап, семантикалық жағынан түрленіп, жаңа мағына туған.

Сөздің семантикалық жағынан дамуын диахрондық аспектіде қарау дұрыс. Мағыналық дамуының ауқымы өте кең. Тек бір сөз табының төңірегінде қарастырудың мүмкін емес екендігі айқын білінеді. Сондықтан да жалпы сөзжасамдық зерттеулерді сөз табы аясында емес, ауқымды тұрғыда қарастыру керек сияқты. Конверсияланған тұлғалардың генетика-семантикалық жағынан туыстығы анық байқалады. Синкретизмнен де айырмашылығы осы тұлғалар арасындағы генетика-семантикалық байланыс арқылы ажыратылуында. Тілдік тұлғаларды тереңірек үніле зерттеу нәтижесінде синкретизм деп жүрген тұлғалардың конверсияланған туынды сөздер екендігін дәлелдеуге болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Есенов Қ. Есімдіктердің сөзжасамы. Қаз ССР ҒА Хабарлары, 1989. а. -Б.26-28.
2. Сарбалаев Ж.Т. Қазақ тіліндегі конверсия мен адъективация. Канд.диссерт. –Алматы, 1993.
3. Салқынбай А.Б. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект).-Алматы: Қазақ университеті, 2000.-309бет.
4. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. -Алматы: 1992. -192б.
5. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998. -340 бет.
6. Аманжолов С. Көп мағыналық және түбірдің бірнешеге жарылуы// Пионер. -1941. №4.
7. Бес ғасыр жырлайды: Екі томдық. -Алматы: Жазушы, 1989. -384б.
8. Базылхан Б. Моңғолша-қазақша сөздік. – Өлгий, 1984. -883 бет.
9. Кайдаров А.Т. Структура односложных корней основ в казахском языке . - Алма-Ата: Наука, 1986. -322 стр.

Резюме

В этой статье обсуждаются способы словообразования казахским и монгольским языках. Статья призвана доказать взаимосвязь между этими двумя языками.

Summary

The method of word formation comparing with Kazakh and Mongolian languages is discussed in this article. The article aims to prove the relationship between the two languages.

Özet

Bu makalede sözcük yapımının konversion metodu ele alınmış. Kazak ve Moğol dillerindeki isimlerin yapılışı karşılaştırmalı olarak incelenmiştir. İki dil arasındaki denetik yakınlık örneklerle ispatlanmıştır.